

**Қарқаралы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы XXV сессиясының № 25/203 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № VI-51/425 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 5628 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 мамырдағы № VIII-22/166 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 16.05.2024 № VIII-22/166 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарқаралы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсанындағы XXV сессиясының № 25/203 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2514 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 қаңтардағы "Қарқаралы" № 7-8 (11234) газетінде, "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде 2014 жылы 31 қаңтарда жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесі:

- 1) 1-2 қаңтар - Жаңа жыл;
- 2) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;
- 3) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 4) 21-23 наурыз - Наурыз мейрамы;
- 5) 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;

- 6) 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 7) 6 шілде - Астана күні;
- 8) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні;
- 9) 1 қазан - Қарттар күні;
- 10) 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні;
- 11) 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.";
- 16 тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Сессия төрағасы, аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Кәрім*

*С. Нуркенов*